

**«6D020900» – Шығыстану» мамандығы бойынша
Жумабаева Айгерм Амырбековнаның
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған ««Ырық
бітіг» (Бал ашатын Кітап) ескерткішінің лингвомәдени кодификациясы және
интерпретациясы» атты докторлық диссертациясына
АҢДАТПА**

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы

Шығыстану ғылымында ежелгі мәтіндерді зерттеу кезінде оның аймақтық өңіріне қарай және оның пайда болу дәуірін ескере отырып, белгілі бір мәтінге қолданылатын нақты әдістерді пайдалана отырып, осындай дереккөздерді зерттеудің жалпылама әдістері негізінде жүзеге асырылады. Көбінесе бұл мәтіндерге мағынасын ашу, тарихи-мәдени талдау және деректеу сияқты әдістер қолданылады. Шығыстану ғылымының қазіргі тенденцияларының бірі – ежелгі дәуірден бастау алып, болашаққа бағдар жасай отырып, Шығыс елдерінің мәдениетін, дінін, философиясын, саясаты мен экономикасын зерттеуге бағытталған. Бұл Шығыс халықтарының қоғамдық тарихында болған және де болып жатқан мәдени, лингвистикалық, әлеуметтік үдерістерге біртұтас көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар Шығыстану ғылымдарының теориялық-әдіснамалық ережелері негізінде Шығыс халықтарының күнделікті өмірінің этникалық, ментальдық, гуманитарлық, діни аспектілері қозғалады. Осындай зерттеулер отандық ғылымның, мәдениеттің және Шығыс елдерінің тарихы үшін маңызды әр түрлі жанрдағы мәтіндерді деректанудың нақты әдістерін қолдана отырып, талдау жасау арқылы жүзеге асырылады.

XXI ғасырда филологияның әртүрлі бағыттарында ғалымдардың ежелгі мәтіндерді зерттеуге деген қызығушылығы әлі де бар. Мысалы: этнолингвистика, лингвомәдениеттану, лингвистикалық деректану, герменевтика, коммуникативтік лингвистика, тілдің прагматикасы және т. б.

Мәтін нақты қарым-қатынас құралы ретінде өзінің табиғи мәнін ашады, атап айтқанда, бұл оны коммуникативтік жүйенің бірлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мәтінді коммуникативті-прагматикалық принциптер тұрғысынан зерттеу – оны адресат-мәтінді жасаушы адресантқа ақпарат беру құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Ежелгі мәтіндер – бұл тілдің әртүрлі деңгейлерін ашатын, лингвомәдениеттанудың негізгі материалы ретінде қызмет ететін коммуникативті бірлік.

С.Е. Мешаткинаның «Ежелгі мәтін лингвистикалық зерттеу нысаны ретінде» атты еңбегінде мәтіндерге тән негізгі белгілер ежелгі мәтіндерге де тән нәрсе деп есептейді. Мысалы:

1. когеренттілік: ежелгі мәтін – ақпараттың шектеулі көлемін қамтитын тұтас, дәйекті білім;

2. дискреттілік: әдетте, ежелгі мәтіннің басы мен соңы бар және оған тиесілі бөлу принципіне сәйкес мәтінді мағыналы сегменттерге бөлуге болады (композициялық, семантикалық, синтаксистік және т. б.);

3. құрылымдық: ежелгі мәтін логикалық интеграцияланған, өзара байланысты бөліктерден тұрады, олардың саны мен өзара сәйкестігі оның семантикалық құрылымына байланысты болады;

4. модальдылық: ежелгі мәтін автордың ниетін, оны мәтін жасауға итермелеген себептерін, көркемдік кеңістігі мен уақытын, сонымен қатар мәтіндегі қамтылған ақпаратты (сөздің астары, болжам, т.б.) бейнелейді;

5. коммуникативтілік: ежелгі мәтін қабылдаушыға (реципиентке) әсер етуді көздейді, нәтижесінде олар менталды-эмоционалды түрде қабылданады, сонымен қатар, дуалистік сипатқа ие болады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Зерттеудің өзектілігі ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев бастамашы болған «Рухани жаңғыру» бағдарламасында баяндалған ұлттық рухани құндылықтардың көрінісі, жаңғыруы, білімнің салтанаты және Қазақстан Республикасының әлемдегі халықаралық беделінің өсуінің тұсаукесері ретінде жазба ескерткіштерінің тіліне жүгіну қажеттілігімен негізделген.

Ежелгі шығыс мәтіндерінде Шығыс халықтарының дәстүрлерін, діндерін, заңдарын және құндылықтарын бейнелеу арқылы Шығыс елдерінің тарихын білуге болатыны мәлім. Шығыстың жазба ескерткіштері тарихи дереккөзі ретінде де, синхронды және диахрондық мағынада лингвистикалық материал ретінде де зерттеледі. Бірқатар көне руникалық ескерткіштердің қазіргі Қазақстан аумағын мекендеген халықтарға тікелей қатысы бар. Осылайша, осы ескерткіштерді зерттеу ежелгі Шығыстың лингвистикалық мұрасының қазіргі әлемге, атап айтқанда Қазақстанға әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

Жарқын мысалдардың бірі – мың жылдан астам бұрын жазылған мәтіні – «Ырық Бітіг» (Бал ашатын Кітап) (қазіргі уақытта Британдық Ұлттық кітапханада, British National library, Indiana office No 0 /c – 103 – Or. 8212 – / 161 сақталған). Алғаш рет 1907 жылы британдық археолог А. Стейн Шыңжаңдағы (қазіргі Батыс Қытай аумағы) «Мың Будда үңгірі» ғибадатхана кешенінен тапқан болатын.

Бұл жазба ескерткіші бүгінгі күнге дейін сақталып келген жалғыз руникалық қолжазба кітап болып саналады. Ғылыми құндылығы ретінде бұл қолжазбаның эзотерикасын ерекше атап өткен. Бұл факт бізге «Ырық Бітікті» ежелгі Шығыстың лингвистикалық феномені ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, бұл қолжазба мәтіндерінде кездесетін болжамдарды түсіну үшін зерттеулердің әртүрлі тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта қолжазбаға қатысты барлық зерттеуден өткен материалдар әлі де оның лингвомәдени ерекшелігін ашпағанын атап өткен жөн.

Кітапты алғашқы болып аударуға кіріскен – әйгілі дат ғалымы Вильгельм Томсен. «Ырық Бітіг» кітабының дешифрлеуін жасаған ғалым бүкіл Шығыстың құнды мұрасы болып табылатын кейінгі көне руна мәтіндерінің шифрын шешудің

көзі болды. Осы уақытқа дейін шығыстанушы ғалымдардың жасаған зерттеулеріне қарамастан осы ескерткіштің мазмұны мен жанры бойынша шешілмеген бірқатар сұрақтар әлі күнге дейін ашық күйінде қалып отыр:

- «Ырық Бітіг» кітабының бас жағы мен соңында орналасқан Қытай мәтіні толық лингвистикалық талдаудан өтпеген;

- маркер сөздерінің лингвомәдени интерпретациялауында кемшіліктері бар, олардың анықтамасы белгілі бір прагматикалық мәнге ие, сонымен бірге шығыстану ғылымы үшін ең өзекті және маңызды сипаттамалары мен белгілерін айқын көрсеткен;

- қолжазбаның қайсібір дінге қатыстығы, парақтардың нөмірленуі, мәтіннің жазылған уақытын айқындалуы;

- «Ырық Бітіг» кітабын зерттей отырып, басқа да эзотерикалық мәтіндермен салыстыру өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Ғылыми-зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негіздері мен зерттелу деңгейі:

Диссертация жазу барысында пайдаланылған еңбектер төмендегідей жіктелінді:

1. Шетел зерттеушілерінің еңбектері.

«Ырық Бітіг» жазба ескерткішінің бірінші боп мағынасын ашып, аударған В.Томсеннің теориялық және әдістемелік зерттеулері. Өзінің құнды ізденістерін мен зерттеулерін «Journal of the Royal Asiatic Society» журналында «Dr. M. A. Stein's Manuscripts in Turkish «Runic» Script from Miran and Tun-huang» атты мақаласында жариялаған. Ол «Ырық Бітіг» кітабын таңба тәрізді хат деп атап өткен, ғалымның бұл ойын В. Радлов қолдаған еді. В.Томсен қолжазбаны VIII - IX ғасырдың басына жатқызды. Кейінірек Х.Н. Оркун ғалымның негізгі аудармасына сүйене отырып, ағылшын тілінен түрік тіліне аударған болатын, ал С.Е. Малов орыс тіліне аударды. В.Томсен қолжазбадағы мәтіндердің мазмұнын талдай келе, «Бал ашатын Кітапті» манихей дініне жатқызып, алғашқы рет былай сипаттаған: «Түрік тіліндегі мәтін бесінші парақтың артқы бетінен басталып ... елу жетінші парақтың бірінші бетінде аяқталады».

Сондай-ақ, ол кітап бастапқыда түркі қоғамына арналған ежелгі түркі хатымен жазылған, содан кейін мәтін қытайлық буддисттік мәтіндерінің мазмұны аясында баяндалған деген болжам жасады. Сонымен қатар ғалым қолжазбаның беттерін желімдеу әдісіне бірінші болып көңіл бөлген еді.

Маңызды дерек көзі ретінде Г. Клаусонның еңбектерін атап өткен жөн, ол «Ырық Бітіг» кітабы бойынша бал ашқан кезде ағаштан жасалған үш текше немесе қысқа төртбұрыш қолданылғанын хабарлаған болатын, бұл бал ашатын құралдар Өзбекстандағы Термез қаласының солтүстігіндегі Хайрабад төбе аймағынан табылған, бұл артефакт біздің дәуіріміздің 3 ғасырына жатады. Г. Клаусон өзінің «Ырық Бітіг» кітабы бойынша зерттеулерін 1960 жылы «Notes on the Irk Bitig» деген еңбегінде жариялаған. Бұл еңбекте ол кітаптың ішінде

кездесетін мағынасы ашылмаған, түсінуге қиындық тудыратын сөздер мен сөз тіркестері туралы жазды.

Зерттеу жұмысының тақырыбы аясында маңызды деректер қатарында Т. Текиннің 1993 жылы жазылған «Irk Bitig The Book of Omens» еңбегі бар. Ғалым өзінің бұл еңбегінде «Ырық Бітіг» кітабының мазмұны мен құрылымы жағынан бастапқыда түркі тілінде жазылған құнды қолжазба екенін және бұл жазба ескерткіші басқа бір дереккөздерден аударылған аударма еместігін баса айтады.

1977 жылы неміс профессоры М. Эрдал ескерткішке қатысты ғылыми зерттеулерін «Irk Bitig Üzerine Yeni Notlar» еңбегінде жариялайды. Ол «Ырық Бітіг» жазба ескерткішінің тілдік ерекшеліктеріне арқа сүйеп, бұл кітаптың IX ғасырға жататыны туралы болжам жасап, VIII-IX ғ.ғ пайда болған ең көне түркі қолжазбаларына жатқызды.

1974 жылы Л. Базин «Les calendriers turcs anciens et medieviaux» деген еңбегінде «Ырық Бітіг» қолжазбасы 930 жылдың 17 наурызында немесе 942 жылдың 4 наурызында жазылып бітті деп айтады. Джеймс Гамильтон 1973 жылы «Ырық Бітіг» колофонының аудармасына өте маңызды түзету енгізе отырып, «Le colophon de l'Irk Bitig» деген кітабында қолжазбаның жазылған уақыты 930 жылдың 17 наурыз күнін болжамдап жазған еді. Сонымен қатар, Дж. Гамильтон бұл қолжазбаны өзінің үлкен ағасы (мүмкін жасы үлкен діни жетекшісі) Санун Итачукке немесе генерал Санунға арнап жап-жас монах жазғанын анықтады.

В. Рыбатцкий «Бал ашатын Кітапты» жан-жақты зерттеу барысында қытайлық әріптесі Ху Хонгпен бірге кітаптың басында және соңында жазылған қытай мәтіндеріне терең текстологиялық талдау жасады және бұл жасаған зерттеулері қолжазбаның мазмұнының мәнін анықтау үшін маңызды болды.

«Ырық Бітіг» зерттеуіне Л. Джайлс маңызды үлес қосты, ол қолжазбаны (Ог.8212) келесідей бөлді: бал ашатын мәтін, колофон және қытай тілінде жазылған мәтін – «Будда Шакьямуни өмірі туралы өлеңдер».

Алғашқы қытай тіліндегі мәтінді Л. Джилес «Будда Шакьямунидің өміріндегі діни аяттар» деп сипаттаған болатын.

Зерттеуге айтарлықтай үлес қосқан шетелдік шығыстанушылардың ішінде: А. Леккок, А. Габайн, В. Хеннинг, М. Бойес, П. Зиеме, О. Гансенн, Ф.А. Браун, Ху Хуншу, В. Сандерман, Ф.С. Андреас және тағы басқалар бар.

2. Революцияға дейінгі Ресей империясы кезіндегі ғалымдар мен кеңес өкіметі дәуіріндегі зерттеушілердің еңбектері.

«Ырық Бітіг» ескерткішінің мәтінін жан-жақты зерттеген алғашқы зерттеушілердің бірі – С.Е. Малов. Ол осы қолжазбаның мәтінін 1951 жылы өзінің «Көне түркі жазуының ескерткіштері» атты христоматиялық еңбегінде жариялады. Бұл зерттеуде В.Томсеннің еңбегін орыс тіліне аударып қана қоймай, сонымен қатар әр «Ырыққа» түсініктемелер жасап, өзі сөздік құрастырып бірге ұсынған. С.Е. Малов сол кездегі шығыстанушылардың арасында алғашқыларының бірі болып «Ырық Бітіг» ескерткішін түркілердің тәңірлік дүниетанымымен байланыстырған болатын.

И.В. Стеблева қолжазба мәтінін жан-жақты зерттеп, оны лирикалық жанрадағы шығармалармен теңестірді. И.В. Стеблева мәтінді поэтикалық түрде аударды. «Бал ашатын Кітаптың» лирикалық стилін зерттегенде ғалым қолжазбаны манихей жазбасымен жазылған «Манидің Ұлы ән ұранымен» және ұйғыр графикасында жазылған буддалық поэтикалық шығармаларымен салыстырды. Қолжазбаның діни сипатына сәйкес И.В. Стеблева «Ырық Бітігі» тәңіршілдікке жатқызған.

Бірақ, бұл пікірге қарама-қарсы ойды С.Г. Кляшторный өзінің «Manichean text II D and Irq Bitig» еңбегінде, «ақ жылқыны» жан-жақты сипаттау арқылы қолжазбаның манихейлікке жататынын дәлелдейді.

В.В. Радлов, Л.Н. Гумилев, В.В. Бартольд, И.В. Кормушин, В.М. Яковлева, А.В. Преловский, В.А. Левшиц, Л.Ю. Тугушева, И.Л. Қызласов сияқты ғалымдардың көптеген зерттеулері құнды еңбектер болып есептеледі.

3. Отандық зерттеушілердің еңбектері.

«Ырық Бітігі» қолжазба ескерткішінің мәтінін алғаш рет 1990 жылы С.Е. Маловтың аудармасын негізге алып Ғ.Айдаров қазақ тіліне аударды.

Н. Базылхан «Ырық Бітігі» қолжазбасының түпнұсқасын қазақ тіліне аударып қана қоймай, сонымен қатар әр ырыққа өзінің транслитерциясын ұсынды. Қазіргі уақытта бұл аударма мен транслитерацияны отандық <http://bitig.org/> <http://atalarmirasi.org> сайттарында қарауға болады;

Профессор А. Қайыржанов өзінің «X ғасырдағы ежелгі түркі кітабы «İrq bitig» пен «Ежелгі түркі кітабы «İrq bitig» және 2016 жылы шыққан қытайлықтардың классикалық «Өзгерістер кітабы» атты еңбектерінде ежелгі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулерін жазып үлкен үлес қосты. Бұл еңбектерде ғалым екі қолжазбаның кейбір ұқсас сөздеріне талдау жасайды. Ғалым маркер сөздері бойынша «Ырық Бітігтегі» манихейліктің, христиандықтың, буддизмнің және тәңірліктің іздерін анықтаған болатын.

Ежелгі түркі дүниетанымы мен діндерін зерттеуде қазақстандық келесі ғалымдар М.М. Әуезов, О.О. Сүлейменов, Қ.М. Байпақов, Е.Тұрсынов, А.С. Аманжолов, Б.Е. Күмеков, Қ.У. Торланбаева, Ю.Л. Зуев, С. Қондыбай, З. Наурызбаева, О. Сапашев, С. Бектемирова және т.б. өз үлестерін қосты.

«Ырық Бітігі» – шығыстанушылар арасында жанр жағынан маңызды және мазмұнды зерттеу нысаны болып табылады. Негізінен мәтіннің діни мазмұнына көп назар аударылған бірақ, мәтін мазмұнының стилі, жанрлық және лингвистикалық сипаттамалары бойынша арнайы талдау жасалған жоқ. Сондықтан да бұл қолжазбаның түркі қоғамының қайсыбір тобына жататыны анықталмаған және оның мәдени, діни және этникалық сәйкестендіру мәселелері ашылмаған күйінде қалды.

Зерттеу нысаны: «Ырық Бітігі» қолжазба шығармасы.

Зерттеу пәні: «Ырық Бітігі» руникалық қолжазба ескерткіші мәтінінің тілі.

Зерттеу жұмысының мақсаты: «Ырық Бітігі» жазба ескерткішінің түпнұсқа мәтіндеріне интерпретациялық сипаттама беру.

Қойылған міндеттер диссертациялық зерттеудің келесі талаптарын құрайды:

1. «Ырық Бітіг» қолжазбасына негіз болған немесе оның мазмұнына әсер еткен IX-X ғ.ғ. қамтитын Шыңжаң ескерткіштерінің діни мазмұнын анықтау;

2. лингво-мазмұндық жүктемені көтеретін «сөз маркерлерін» анықтау және түсіндіру;

3. Шығыс халықтарының әртүрлі дүниетанымдық және діни сипаттағы басқа да балгерлік мәтіндердің тілдік құрамын түсіндіру және салыстырмалы талдауды жүзеге асыру;

4. «Ырық Бітіг» тілдік бірліктеріне лексикографиялық талдау жүргізу және оларды орыс және түрік тілдерінде кодификациялау.

Зерттеу әдістемесі. Диссертациялық жұмысты жазу барысында теориялық зерттеулердің келесі әдістері қолданылды:

Түйіндеу, сілтеме жасау, дерексіздендіру, талдау, синтез, индукция, дедуктивті әдіс, археографиялық талдау, атрибуция, түпнұсқаның дереккөзді мерзімдеу, дереккөзге сыртқы сын және транслитерациялау.

Қолжазбаны орыс тіліне аудару барысында келесі әдістер қолданылды:

Репродуктивті (репрезентативті) интерпретация, аударманың мағыналық тәсілі, жазбаша аударма, бір жақты дәйекті аударма, аударма лексикографиясы (сөздіктерді қолдану), семантикалық талдау, сипаттамалық (түсіндірме аударма), салыстырмалы талдау және компоненттік талдау.

Жұмыста қолданылған мәтіндік талдау арқылы мәтін аудармашыларының әртүрлі кезеңдерде «жұмбақ өрнектері» әртүрлі түсіндірулерін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу дереккөздері. Зерттеудің дереккөзі – «Ырық Бітіг» (Бал ашатын Кітап). Зерттеу барысында 1969 ж. алғашқы басылымы жарық көріп, 2016 ж. Халықаралық Түркі академиясының жаңа түсініктемелері мен толықтыруларымен қайта басылған *Ескі түрік сөздігі*, М. Қашқаридың «*Диуани Лұғат ат-түрік*» және т.б. еңбектер қолданылды және С.Е. Маловтың, Г. Клаусонның, Т.Текиннің ежелгі түрік сөздіктері.

Зерттеу материалдары: дереккөздерде 403 тілдік бірлік, орыс тілінде 403 тілдік бірлігі және түрік тілінде 403 тілдік бірлігі бар.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Шыңжаңда (қазіргі Батыс Қытай территориясы) болған дәстүрлі дүниетаным мен түрлі діни ағымдар призмасы арқылы жүйелі лингвистикалық талдаулар жасалды. Жұмыстағы жаңалықтың бірі ол – «Бал ашатын Кітапті» басқа мазмұны ұқсас бал ашатын мәтіндермен салыстырмалы зерттеу жүргізілді; лингвистикалық және мәдени семантикалық мағына беретін «сөз-маркерлерін» анықтағанда Шыңжаң халқының дүниетанымы мен наным-сенімдерінің таралуына жан-жақты талдау берілді; қолжазбаның транслитерациясы жасалды, «қара сөздердің» мәні мен мазмұнын ашатын ғылыми түсініктемелер енгізіліп, «Бал ашатын кітаптың» мәтіндерін орыс тіліне аударылды; «Ырық Бітіг» түпнұсқасының мәтіні бойынша ғылыми – практикалық

ортада қолдануға келетін түсініктемелері бар қысқаша нұсқасы берілді, жарқын сөздердің негізінде алғашқы үш тілділік ежелгі түрік-орыс-түрік «Ырық Бітіг» сөздігі құрастырылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы зерттеу нысанына таңдалған тәсіл арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу пәндерінің айырмашылығы мен алуан түрлілігімен «Ырық Бітіг» тарихи жазба ескерткіші гуманитарлық циклдегі бірқатар ғылымдардың зерттеу нысанына айналып интегративті ғылыми зерттеулердің негізін құрады.

Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы «Ырық бітіг» қолжазба мәтінін зерттеудегі жаңа тәсілмен, осындай ескерткіштерді зерттеу әдістерін анықтаумен және «Ырық бітіг» мәтінін қазіргі түрік тілімен салыстырмалы талдаумен, содан кейін ежелгі түрік-орыс-түрік сөздігін жасаумен анықталады.

Зерттеудің ғылыми-практикалық маңыздылығы «Ырық Бітіг» (Бал ашатын кітап) жазба ескерткіші (Or. 8212) жөніндегі материалдар мен қорытындылар туралы кейінгі зерттеулерді дайындауда және Шыңжаң (IX-X ғғ.) және жалпы Шығыс халықтарының мәтіндері үшін дүниетаным мен діндерді зерттеуде қолдануға болатынында болып табылады.

Диссертацияның мазмұны жоғары оқу орны студенттеріне арналған шығыстану, филология, түркітану және мәдениет пен діндер тарихы бойынша дәрістер курсына әзірлеуге қолдануға болады. Диссертация материалын практикалық сабақтарда да қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар

1. Шыңжаңдағы қолжазбаларға жан-жақты салыстырмалы талдау жасалды: В165:3 бөлімімен – В157:54 қытайлық «Yu-xia-ji» (Нефриттен жасалған қобдишаның ішіндегі кітапшамен) және «Ырық Бітіг» кітаптарын қытайлықтардың «И цзин» кітабының болжам мәтіндерімен немесе «Өзгерістер кітабымен» салыстыру арқылы «Ырық Бітіг» қолжазбасы IX ғасырдың Шыңжаңдағы діни ағымдардың симбиозы деген тұжырымға келді.

2. «Ырық Бітіг» қолжазбасында белгіленген 25 сөз-маркерлері бірнеше рет қайталанып отырады. Олар белгілі-бір лингвомәдениеттанулық кодификацияға ие және IX ғасырдан бастап қазіргі заманға дейін Шыңжаң халықтарының мәдениеті мен әдебиетінде ерекше орын алып отыр.

3. «Ырық Бітігте» кездесетін ежелгі түркі сөздері қазіргі түрік тілімен салыстырғанда қолжазбада мағынасы мен айтылуы сол қалпы сақталып өзгермеген сөздердің 42%-ын (168 сөз) құрады, қазіргі түрік тілінде бар, бірақ деформациямен сақталған сөздердің 3%-ы (11 сөз) құрады. Ал, қолжазбада кездесетін сөздердің 55% (224 сөз) қазіргі түрік тілінде сақталмаған болып шықты.

4. Шығыстану, лингвистика, түркология, дінтану, тарих, мәдениеттану және т.б. ғылымдардың деректерімен байланыстыра отырып зерттеп, «Ырық Бітіг» зерттеуіндегі пәнаралық көзқарас тарихи жазба ескерткіштерін зерттеудің жаңа әдіснамалық перспективасын құруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің жарияланымы мен мақұлдануы. Диссертация «Ғылым ордасы» РМК базасындағы Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірлескен PhD докторантура білім беру бағдарламасы аясында жүзеге асырылды (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014 жылғы 21 мамырдағы №166 бұйрығы).

Зерттеудің негізгі нәтижелері төрт ғылыми баяндамада халықаралық конференциялардағы баяндамалардың жинақтарында жарияланды. Диссертация тақырыбы мен материалдары бойынша орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде он ғылыми мақала жарық көрді.

Scopus мәліметтер базасына енгізілген екі мақала, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарға енгізілген төрт мақала:

1. Древнетюркские письменные памятники: Рукописное наследие // Қазақ Тарихы, № 5, 2017. № 75748. Серия гуманитарных наук. – С. 6-9.

2. Көне түркі Ырық Бітіг кітабінің аударма интерпретациясындағы образдық прагматикасының ықпалдасуы // Материалы международной научно-практической конференции «образ независимого Казахстана в странах зарубежного Востока: тенденции и перспективы». – Алматы, 2017. – Б. 32-37.

3. Ежелгі түрік дүниетанымында «махаббат» концептісі // Вестник КазНУ №4(83), 2017. – №75867; 25867. Серия востоковедения. – Б. 103-108.

4. Манихейство на великом шелковом пути и его этнокультурные аспекты в тюркской среде (VI-XI вв.) // Түркі әлемі және халықаралық байланыстар: тарих, тұлға, келешек. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (Ғылыми басылым) – Астана, 26-27 мамыр 2017 жыл. – С. 428-431.

5. Роль книги «Ырық Битиг» в древнетюркской письменной литературе // Вестник КазНУ № 1 (84), 2018. – №75867; 25867. Серия востоковедения. – С. 162-167.

6. The role of the environment: Silk road in the history of turkic people (Scopus) // Journal Option. – Венесуэла: издательство: Bolivarian Republic of Venezuela University of Zulia experimental faculty, number 34, N° 85. – 2018. №198402ZU45. – P. 522-550.

7. Роль Мани и архетипические мотивы в истории манихейства в среде тюркских народов // Древние культуры Монголии, байкальской Сибири и северного Китая. Материалы IX международной научной конференции. – Улан-Уде, 2018. – С. 188-192.

8. Archetypes in the ancient turkic pagan beliefs // Известия МОН РК № 3(325), 2019. № 10894-Ж. Серия социальных и гуманитарных наук. – P. 126-131.

9. «Ырық Битиг» (Гадательная Книга) и ее значимость в истории древних тюрков // VII международная научно-практическая конференция молодых ученых-историков «Великие имена великой степи: научно-теоретические и практические аспекты изучения в контексте патриотического воспитания молодежи», в рамках

программной статьи Елбасы «Семь граней Великой степи». – Алматы, 28.11.2019. – С. 79-89.

10. Zhumabayeva A., Sh.Tokhtabayeva, B.Batyrkhan, G.Meirmanova The ethnographical aspect of good wishes of the Kazakh people (Scopus) // Voprosi Istorii Moscow, No.7, 2020. – P. 131-145.

Диссертация құрылымы: кіріспе, 3 бөлім, қорытынды, әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.